



## БҰЙРЫҚ

*2020 жыл 16 қыркүйек*

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ *68*

город Караганда

### «ЗЕЙІН» әлеуметтік - педагогикалық жобасын жүзеге асыру туралы

4, 5-8 сынып оқушыларының оқу, ғылыми - жаратылыстану, математикалық, ақпараттық және қаржылық сауаттылық саласында функционалдық дағдыларын зерделеуге бағытталған «ЗЕЙІН» әлеуметтік - педагогикалық жобасын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Зейін» әлеуметтік - педагогикалық жобасы Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдарында жүзеге асырылсын;
2. «Зейін» жобасын білім беру ұйымдарына енгізу және жүзеге асыру бойынша жауапты тұлға ретінде білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері, білім беру ұйымдары директорларының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары тағайындалсын;
3. Білім беру ұйымдарының директорларына, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарларына жобаны іске асыру бойынша әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетілсін;
4. «Зейін» жобасын жүзеге асыру бойынша нәтижелерді салыстыру үшін бақылау топтары/сыныптары анықталсын және бекітілсін;
5. «Зейін» жобасы аясында функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар дайындалып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейі зерделенсін;
6. «Зейін» жобасын жүзеге асыру негізінде пәндер бойынша мұғалімдердің облыстық шығармашылық топтары құрылсын, үйлестіру жұмыстары пән әдіскерлерімен ұйымдастырылсын;
7. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері Г.О. Сулейманова жалпы жобаны жүзеге асыру мен әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын басшылыққа алсын;
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің меңгерушісі Г.Г. Мукашеваға жүктелсін.

Директордың м.а.

*Б.Абдикерова*  
Б.Абдикерова

Орынд. Сулейманова Г.О.  
Тел: 87025939977

002582